

Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қазан N 1591

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Көп балалы отбасыларының балалары, балалар үйінде, интернат мекемелерінде тәрбиеленушілер және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін Астана қаласында 1999 жылдың 25 желтоқсанында Президенттік жаңа жыл шыршасы өткізілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.12.10. N 1902 қаулысымен.

Р 9 9 1 9 0 2 _

2. Қоса беріліп отырған:

1) Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) 1999 жылы Астана қаласында Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.10. N 1902 қаулысымен. P991902

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Президенттік жаңа жыл шыршасына көп балалы отбасыларының балаларынан, балалар үйлерінің, интернат мекемелерінің тәрбиеленушілерінен және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардан жасы 9 -жан 13-ке дейінгі оқу озаттарын, белсенді және дарынды балалардың санын қосымшаға сәйкес жіберуді қамтамасыз етсін.

Алып жүрушілердің іссапарлық шығындарын, екі жаққа жол және балалардың жолда тамақтану ақысын төлеуді тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу жөніндегі шығыстарды қаржыландыруды 04 "Білім" функционалдық тобы бойынша оған 1999 жылға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2

қ а з а н д а ғ ы

Р е с п у б л и к а с ы

ж ы л ғ ы

1 9 9 9

№ 1591 қаулысымен
бекітілген
Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу
және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
Құрамы

Көшербаев Қырымбек Елеуұлы - Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі,
төраға

Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбеков - Астана қаласының әкімі, төрағаның
орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Аманшаев Ермек Әмірханұлы - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңесі
Аймақтық даму және әлеуметтік
сала бөлімі меңгерушісінің
орынбасары - Әлеуметтік сала
секторының меңгерушісі

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы
бірінші вице-министрі

Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы - Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар бірінші
вице-министрі

Бектұрғанов Нұралы - Қазақстан Республикасының
Сұлтанұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім вице-министрі

Досаев Ерболат - Қазақстан Республикасының
Асқарбекұлы Энергетика, индустрия және
сауда вице-министрі

Жұмабекова Рысты - Қазақстан Республикасының
Мағауияқызы Білім және ғылым министрлігі Орта
және кәсіптік білім комитеті
төрағасының міндетін атқарушы

Етекбай Ербол Ғабдуәліұлы - "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік
қоғамының президенті
(келісім бойынша)

Исақов Орынбасар Исақұлы - "Қазақстан теледидары мен радиосы"
республикалық корпорациясының
вице-президенті
(келісім бойынша)

Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы - Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі Мәдениет
комитетінің төрағасы

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі
істер вице-министрі

Шатаев Бақыт Молдаханұлы - "Қазақстан темір жолы"
республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының Жолаушылар
тасымалдау департаменті
директорының бірінші орынбасары
(келісім бойынша)

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.10. N 1902
қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
22 қазандағы
N 1591 қаулысымен
бекітілген

1999 жылы Астана қаласында Президенттік жаңа жыл
шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі іс-шаралардың
Жоспары

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.10. N 1902
қаулысымен.

P991902_

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1. Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі барлық жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру
желтоқсан
2. Облыстардан шыршаға қатысушы-балаларды және алып жүрушілерді іріктеуді ұйымдастыру
10 желтоқсанға дейін
3. Шыршаға қатысушылар мен алып жүрушілерді Астана қаласына келгенде алдын ала кешенді медициналық тексеруді қамтамасыз ету

22-24 желтоқсан

4. Балалар тұратын жерлерде медицина қызметкерлерінің тәуліктік кезекшілігін, оларды Астана қаласы ішінде жүру кезінде алып жүруді және іс-шаралар өтетін жерлерде кезекшілік ұйымдастыру

21-27 желтоқсан

5. Шырша мерекесін әзірлеу және жүргізуге Астана облысының мәдениет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымдарының қатысуын қамтамасыз ету

желтоқсан

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері:

1. 1999 жылдың 10 желтоқсанынан дейін көліктің түрін анықтасын және мерзімдерін көрсетіп, балаларды жеткізуге тиісті өтінімдер беру

2. Балалар мен алып жүрушілерді жөнелтуді, олардың екі жаққа жол жүру және жолда тамақтану ақысын төлеуді, сондай-ақ қайтып келгенде күтіп алуды қамтамасыз ету

20-28 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі,
"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны,
"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы:

1. Алып жүрушілермен бірге шыршаға қатысушы-балаларды тұратын жерінен Қызылорда қаласына және қайта жеткізудің схемасы мен кестесін жасау

6 желтоқсан дейін

2. Шыршаға қатысушылар мен алып жүрушілер үшін темір жол және авиабилеттерін екі жаққа бірдей сатып алуына жәрдем көрсету

13 желтоқсанға дейін

3. Үйлестірушілерді тағайындау және барлық мүдделі министрліктер мен ведомстволарға байланыс телефондарының нөмірлерін хабарлау

6 желтоқсанға дейін

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1. Балалардың топтарын тұратын жерлерінен темір жол көлігімен Қызылорда қаласына дейін және қайтар жолда ішкі істер органдары қызметкерлерінің алып жүруін ұйымдастыру

21-27 желтоқсан

2. Балалар тұратын және шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету

21-27 желтоқсан

3. Балаларды Астана қаласында көлікпен жүрген кезде ішкі істер органдары қызметкерлерінің бағдарламаға сәйкес алып жүруін қамтамасыз ету

21-27 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Энергетика,
индустрия және сауда министрлігі:

Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу үшін қажетті материалдарды, сыйлықтарды және кәдесыйларды сатып алуға жәрдем көрсету

13 желтоқсанға дейін

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігі:

Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетуді қамтамасыз ету

желтоқсан

"Қазақстан Республикасының теледидары мен радиосы"
республикалық корпорациясы:

1. Президенттік жаңа жыл шыршасының бүкіл барысын теледидарға
түсіруді ұйымдастыру

25 желтоқсан

2. Шығармашылық ұжымдар үшін фонограммалық жазбалар дайындау
барысында жәрдем көрсету

желтоқсан

Астана облысының әкімі:

1. Шыршаға қатысушыларды қарсы алуды, бөліп-орналастыруды,
тамақтандыруды, шығарып салуды қамтамасыз ету

21-27 желтоқсан

2. Президенттік шырша өтетін жерді, оны орнатуды, безендіруді
қамтамасыз ету

24 желтоқсанға дейін

3. Астана қаласының көшелері мен ғимараттарының лайықты
безендірілуін қамтамасыз ету

20 желтоқсанға дейін

4. Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізудің сценарийін, балалардың
Астана қаласында болуының күнтізбелік жоспары мен бағдарламасын жасау

6 желтоқсанға дейін

5. Шақыру билеттерін, бағдарламаны, рұқсат қағаздарын, бәйдж бен басқа да баспа өнімдерін дайындау

13 желтоқсанға дейін

6. Әртістер үшін сценарийге сәйкес костюмдер дайындау

13 желтоқсанға дейін

7. Мереке өткізілетін орынды әшекеймен, жарықпен, дыбыспен және музыкамен ресімдеуді қамтамасыз ету

24 желтоқсанға дейін

8. Шыршаға қатысушылар үшін үлкен торт дайындау, тәтті-дәмді дастархан ұйымдастыру

25 желтоқсанға дейін

9. Шыршаға қатысушы-балалар үшін сыйлықтар сатып алу және топтап бөлу

20 желтоқсанға дейін

10. Балалардың Астана қаласында болатын барлық кезеңіне арнап мәдени-спорттық бағдарлама дайындау және өткізу

21-27 желтоқсан

11. Шыршаға қатысушылар Астана қаласында болған кезде оларға көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету

21-27 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
22 қазандағы
N 1591 қаулысына
қосымша

1999 жылы Астана қаласында

Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушылардың
сандық құрамы

Барлық қатысушылар - 187
оның ішінде алып жүрушілер - 17
балалар - 170

Облыстар	Балалардың саны	Алып жүрушілердің саны	Барлық қатысушылар
Ақмола	10	1	11
Ақтөбе	10	1	11
Алматы	10	1	11
Атырау	10	1	11
Шығыс Қазақстан	10	1	11
Жамбыл	10	1	11
Қарағанды	10	1	11
Батыс Қазақстан	10	1	11
Қызылорда	10	1	11
Қостанай	10	1	11
Маңғыстау	10	1	11
Павлодар	10	1	11
Солтүстік Қазақстан	10	1	11
Оңтүстік Қазақстан	10	1	11
Астана қаласы	10	1	11
Алматы қаласы	10	1	11

Республикалық ұйымдар	10	1	11
--------------------------	----	---	----

Барлығы	170	17	187
---------	-----	----	-----

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.10. N 1902
қаулысымен.

P991902_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.